Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Құстар ұшып келеді» Мақсаты: Шеңбердегі өз орнын тауып сапқа қайта тұру және баяу қарқында (50-60 сек) жүгіру. Арқан бойымен жүру кезінде тепетеңдікті сақтау. Қос аяқпен аяқтарды қосып қойып секіру. 2. Орыс тілі Тақырыбы: «Весна красна» Мақсаты: Пополнить словарный запас детей понятиями о весне и ее явлениях и признаках (весна, капель, подснежники, трава, росток, почки). Учить составлять небольшой рассказ. Развивать связную речь. Воспитывать уважение к мамам, бабушкам, воспитателям.	1. Музыка Тақырыбы: «Шуақты көктем» Мақсаты: Музыканы тыңдау, есте сақтау,әнді айту,дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату,әуенді есту,сезіну қаблеттерін әрі қарай дамыту,қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру. 2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Көктем қызықтары» Мақсаты: балаларда кеңістік бағыты болатыны туралы түсінік қалыптастыру. Қағаздың оң жағын-сол жағын бағдарлай білуді жалғастыру; дайын пішіндерді ажырату; педагогтың нұсқауын дұрыс орындауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу;	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құстар ұшып келеді» Мақсаты:. Шеңбердегі өз орнын тауып сапқа қайта тұру және баяу қарқында (50-60 сек) жүгіру. Қос аяқпен аяқтарды қосып қойып секіру. Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және түсу. 2. Сурет салу Тақырыбы: «Күн жарқырап шөп өсті» Мақсаты: Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу біліктіліктерін бекіту. Ұқыптылыққа әдемілікке тәрбиелеу.	1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бізге көктем келді» Мақсаты: Педагогтің сұрақтарына байланысты жауаптар қайтаруға (қар ериді, күн жылынады, құстар ұшып келеді), сөз тіркестерін құрастыруға (күн ашық, гүлдер әдемі) үйрету. Жұмбақтардың мағынасын түсінуге, сурет арқылы шешулерін табуға үйрету, «ж» дыбысының дұрыс айтылуын бекіту. 2. Экология негіздері Тақырыбы: «Көрікті көктем» Мақсаты: көктемгі күн сәулесінің жылуының пайдасы туралы түсінік беру. Педагогтың сұрақтарына жауап беріп, талдай білуді тәрбиелеу; табиғатты қадірлей білуге тәрбиелеу; 3.Музыка Тақырыбы: «Шуақты көктем» Мақсаты: Музыканы тыңдау, есте сақтау,әнді айту,дауыстың биік	1. Дене шынықтыру Тақырыбы:«Құстар ұшып келеді» Мақсаты:. Шеңбердегі өз орнын тауып сапқа қайта тұру және баяу қарқында (50-60 сек) жүгіру. Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және түсу. Қос аяқпен аяқтарды алшақ қойып секіру. 2. Жаратылыстану Тақырыбы: «Көктем құбылыстары» Мақсаты:. Көктем мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру; Күн сәулесінің жылуының пайдасы туралы түсінік беру.Педагогтің сұрақтарына жауап беріп, сабақты талдай білуді үйрету.Табиғатты қадірлеуге баулу.

				және төмен ырғақтарын ажырату,әуенді есту,сезіну қаблеттерін әрі қарай дамыту,қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру.	
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін, бәтеңкелерінің бауын байлауын, салуын, киімдерінің түймесін салуын қадағалау, үйрету, мадақтау.				
Серуен	1.Көктем мезгіліндегі ауа-райындағы жаңбырды бақылау. Мақсаты: Балаларға көктем мезгілі туралы білімдерін бекіту. Балаларға көктем мезгілінің ауа-райында қандай өзгерістер болатыны туралы түсінік беру. 2.Еңбек: Балалармен өз ойын алаңымызды тазалау. Мақсаты: Аула сыпырушыға көмек жасауға үйрету. 3.Қимылдық ойын: «Аю» Мақсаты: Балалар аюдың қимылын жылдамдатып жасату. 4. Жеке жұмыс: Балаларға әуен арқылы көңілді жаттығулар жасату. 5.Еркін ойындар: Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнау.				
Серуеннен оралу	Өз бетімен шешінуін, киімдерін рет-ретімен жинауын, киімдерінің түймесін ағытуын, қадағалау, үйрету, мадақтау. Беті қолдарын жуу.				
Түскі ас	Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі отырып, тұру. Тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу. Майлықты қолдануға үйрету. Тамақтан соң алғыс айту.				
Ұйқы	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары,	Керуеттегі жаттығулар Мақсаты: күндізгі ұйықтаудан кейінгі оятуға ықпал ету.				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу. Тағамды толығымен шайнап жеуге үйрету.				
Ойындар, дербес әрекет.	Пішіндерді балаларға таныстыру Тақырыбы: «Пішіндер» Мақсаты: пішіндерді еске сақтату.	Көктем мезгілі туралы жаттау жаттату. Мақсаты: көктем мезгілі туралы еске түсіріп, жаттауларын сұрау.	Вариативтік компонент: Ертегілер елінде Тақырыбы: «Қызыл телпекті қыз» Сахналық қойылым. Мақсаты: ертегінің мазмұнын айту, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.	Дидактикалық ойын: «Қуыршақты киіндіреміз» Мақсаты: карточка арқылы киімдерін табу.	Қазақ бұрышын бірігіп жинақтау. Мақсаты: балаларды қазақ бұрышымен таныстыру.
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Жеке жұмыс: Индирадан оң қол сол қол сұрау. Мақсаты: Оң, сол ажыратып білу керек.	Жеке жұмыс: Инжу ән жаттату. Мақсаты: баланы әнге дайындап есте сақтау.	Жеке жұмыс: Асетке аяқ киімін дұрыс киюге үйрету.	Жеке жұмыс: Назеркемен гүлдерге су құю Мақсаты: баланы еңбекке баулу.	Жеке жұмыс: Айжұлдызға ойыншықтарды дұрыстап жинату. Мақсаты: баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Өз бетімен шешінуін, киімдерін рет-ретімен жинауын, киімдерінің түймесін ағытуын, қадағалау үйрету.мадақтау.				
Серуен	Қызығушылықтары бойынша ойындар ұйымдастыру, қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету, достыққа тәрбиелеу.				
Балалардың үйге қайтуы	«Тұмау» Бүлдіршін жастағы балалар арасындағы тұмау және ЖРВИ алдын алу	«Бала тазалығы» Баланың тазалығына көп мән беру.	«Салауатты балдырған» Ата-аналарға балалардың денсаулығына көңіл бөлулерін ескерту.	«Көктем» жаттау Балаларға көктем туралы жаттау жаттату.	«Отбасы мен бала» Ата-аналарға балаларының көзінше жаман сөздер айтпауға әңгіме құрмауға үйрету.

Сәуір айының I апта 02.04– 06.04 аралығындағы II кіші №1 «Қошақан» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы. Өтпелі ай тақырыбы: «Табиғатты қорғап үйренейік» Апта тақырыбы: «Аялайық гүлдерді» Мақсаты: Балаларға табиғатты қорғауға, гүлдерді аялауға тәрбиелеу Тәрбиеші: Жанасова А.					
Күн тәртібі	Дүйсенбі: 02.04.2018ж	Сейсенбі: 03.04.2018ж	Сәрсенбі:04.04.2018ж	Бейсенбі:05.04.2018ж	Жұма: 06.04.2018ж
Балаларды қабылдау Ата- аналармен әңгімелеу Ойындар (үстел-үсті, саусак, дидактикалық және т.б)	Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ықпалын арттыру.				
	Саусак ойындары: «Дені саудың жаны сау» Денсаулық туралы суреттер немесе фотосуреттер. Денсаулықты күту, адамдардың өзіне қарап жүруі туралы әңгімелеп беру.	Құрылыс ойындары: «Көңілді балабақша» Балаларды бақылауға құрылыстардың бір бөлігін басқа бөліктерден ажыратуға үйрету.	Дидактикалық ойындар: «Қай ойыншық жоғалды?» Мақсаты: Есте сақтауқабілетін дамыту.	Санамақ айтқызу «Санамақ» ойыны Міне басы, міне іші Аяқтары, қолдары, көздері Әдемі шашы да бар Оң қолымда бес саусак Сол қолымда бес саусак Бәрін қоссақ-он саусак	Үстел үсті ойыны «Үй құрастыр» Балалармен дені саудың жаны сау туралы қорытындылау.
Таңертеңгі гимнастика	№15-ші таңертеңгі жаттығу кешені				
Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдануға үйрету. Тамақтан соң ас қайырып, алғыс айту.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Қимылдық ойын:«Жасырулы тұрған не?» Мақсаты: Балалардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Гүлзарда» Мақсаты: Нық қадаммен алға және артқа жүру. Қос аяқпен аяқтарды алшақ қойып секіру. Оң және сол қолмен тік нысанаға көздеп лақтыру. 2. Көркем әдебиет Тақырыбы: Р.Қунақова «Көктем» (жаттау) Мақсаты: Табиғатты бақылап, өзгерістерін таба білуге үйрету; көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; Есте сақтау, жаттау қабілеттерін арттыру; туған жердің табиғатын қадірлеуге тәрбиелеу. 3. Құрастыру Тақырыбы: «Көбелектерге арналған гүлдер» Балалардың қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру, түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып гүл жасай білуге үйрету, гүлдерді аялауға, күтіп-баптауға, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Түрлі түсті гүлдер» Мақсаты: балалрда геометриялық фигуралар туралы түсініктерін қалыптастыру; қоршаған ортадан басқа геометриялық фигураларға сәйкес келетін заттарды табуға, салыстарға үйрету;байқағыштыққа үйрету; 2. Музыка Тақырыбы: «Көктем гүлі көрікті» Мақсаты: Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, балалардыңсүйікті әндерін айтқызу.Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын тербелу,бір орындаайналуға үйрету, көктем мезгілі туралы түсінік беру. .	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Гүлзарда » Мақсаты: Нық қадаммен алға және артқа жүру. Оң және сол қолмен тік нысанаға көздеп лақтыру. Арқан бойымен жүру кезінде тепетендікті сақтау.	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жауқазын» Н.Айтов Мақсаты: Балаларды өлең жолдарын жаттауға жаттықтыру. Өлеңнің мәнісін түсініп айтуға, екі үш сөйлемнен айтуға дағдыландыру; 2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Гүлдер, гүлдер, әсем гүлдер» Мақсаты: балаларды түймедағы гүлімен таныстыру; эстетикалық сезімді тәрбиелеу; қызығушылығын оятып, қоршаған орта туралы түсініктерін қалыптастыру; 3.Музыка Тақырыбы: «Көктем гүлі көрікті» Мақсаты: Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, балалардыңсүйікті әндерін айтқызу.Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын тербелу,бір орында айналуға үйрету, көктем мезгілі туралы түсінік беру	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Гүлзарда» Мақсаты: Нық қадаммен алға және артқа жүру. Арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау. Допты педагогтан 1-1,5 м арақашықтыққа лақтыру. 2. Сурет салу Тақырыбы: «Түймедақтар» Мақсаты: қылқаламмен жағу әдісі рқылы гүлдерді бояуға үйрету; Табиғатты сүйе білуге, жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін, бөтенкелерінің бауын, салуын, киімдерінің түймесін салуын қадағалау, үйрету, мадақтау;				
Серуен	1.Бақылау. Көктем мезгіліндегі ұшып жүрген құстарды бақылау.				

	Мақсаты: Балаларға құстардың қыймылын жасатып, дауысын салдырту. 2.Еңбек.Балалармен ойын алаңын тазарту. Мақсаты: Балаларды еңбекке баулу. 3.Қимылдық ойын: «Кім алысқа?» Мақсаты: Бірінің қолынан бірі ұстап жүгіре алуға, тәрбиешінің белгісін тыңдай алуға үйрету. 4.Жеке жұмыс: Санжарға гүлдер туралы үйрету. 5.Еркін ойындар: Мақсаты: балалардың қалаған ойындарын ойнауға басшылық жасау, балаларға бірігіп ойнауды ескерту.				
Серуеннен оралу	Өз бетімен шешінуін, киімдерін рет-ретімен жинауын, киімдерінің түймесін ағытуын, қадағалау, үйрету, мадақтау. Беті қолдарын сабындап жуу.				
Түскі ас	Балаларды түскі ас мәзірімен таныстыру. Ас қайырып, алғыс айту.				
Ұйқы	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары,	Керуеттегі жаттығулар. Мақсаты: күндізгі ұйқыдан кейінгі оятуға ықпал ету.				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу. Тағамды толығымен шайнап жеуге үйрету.				
Ойындар, дербес әрекет.	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Тақырыбы: «Көктем» Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. Жеке жұмыс: Азизге санамақтарды үйрету. Мақсаты: Балаға санауды үйрету.	Балаларға табиғатқа байланысты гүлдерді жапсыруды үйрету. Мақсаты: балаға желім арқылы қағазды жапсыруды үйрету. Жеке жұмыс: Айжұлдызға түймедақ туралы түсіндіріп, суретін салдыру. Мақсаты: Балаға түймедақ гүлін таныстыра отырып суретін салдырту.	Вариативтік компонент: Ертегілер елінде «Арыстан мен тышқан» ертегісін оқып, түсіндіру. Мақсаты: Балаларға ертегіні оқу,тіл байлықтарын молайту.Кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауға көмектесу. Жеке жұмыс: А.Жасминге гүлдердің жапырақтарын сүртуді үйрету.	«Көктем» туралы тақпақ жаттату. Мақсаты: Балалардың тілін дамыту. Жеке жұмыс: Айсәулеге киімдерін жинауды үйрету. Мақсаты: Баланы ұқыптылыққа үйрету.	Балаларға жұмбақ жасырып үйрету. Мақсаты: Баланың ой-өрісін дамытуға ойлануға дағдыландыру. Жеке жұмыс: Инаяға бөлме өсімдіктері туралы түсіндіру. Мақсаты: Балаға бөлме гүлдерін қалай баптау керектігін үйрету.
Серуенге дайындық	Өз бетімен шешінуін, киімдерін рет-ретімен жинауын, киімдерінің түймесін ағытуын, қадағалау, үйрету, мадақтау.				
Серуен	Серуенге қызығушылықтары бойынша ойындар ұйымдастыру, қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету, достыққа тәрбиелеу..				
Балалардың үйге қайтуы	Көрме «Жайдарлы көктем» Ата-аналар балалармен бірлесе отырып, өз қолдарымен бұйым жасау.	Әңгімелесу «Балаға көңіл бөлу» Демалыс күндері балаға көп көңіл бөлу. Ертегі оқу, әңгіме құрастырып шығармашылық қабілетін дамыту.	Дәрігер кеңесі «Желшешек» туралы кеңес беру. Ата-аналарға кеңес беру.	Тәрбие «Көктем мезгілі» Балалардан көктем мезгілі туралы толық сұрақ жауап алу.	Спорт «Денсаулық күні» Балаларға спортпен шынығуға баламен бірге ата-анада шынығуға кеңес беру.

Сәуір айының Папта 09.04– 13.04 аралығындағы II кіші №1 «Қошақан» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі ай тақырыбы: «Табиғатты қорғап үйренейік»

Тәрбиеші: Жанасова А.

Апта тақырыбы: «Шөпте не жорғалайды» (жәндіктер)

Мақсаты: Балаларға шөпте жорғалайтын жәндіктер туралы түсінік беру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі: 09.04.2018ж	Сейсенбі: 10.04.2018ж	Сәрсенбі:11.04.2018ж	Бейсенбі:12.04.2018ж	Жұма: 13.04.2018ж
Балаларды қабылдау Ата- аналармен әңгімелеу Ойындар (үстел-үсті, саусақ, дидактикалық және т.б)	Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ықпалын арттыру.				
	Саусақ театры Сен түйене бар, Сен жылқыға бар. Сен сиырға бар, Сен қойыңа бар, Сен үйде отырып Шешеңе көмектес	Құрылыс ойындары «Ғимаратты тұрғызу» Балаларды бақылауға құрлыстардың бір бөлігін басқа бөліктерінен ажыратуға үйрету.	Дидактикалық ойындар: «Отбасы мүшелерін атап бер» Мақсаты: Балаларды отбасының мүшелерін атай білуге үйрету. Ересектің сөзін тыңдай білуді қалыптастыру, балам, қызым, ата, әже, апа, аға сөздерін қолдануды жетілдіру. Бауырмалдыққа және мейірімділікке тәрбиелеу.	Санамақтар айтқызу Бас бармағым-атам, Балаң үйрек-әжем Ортан терек-әкем Шылдыр шүмек-анам Кішкентай бөбек-мен	Үстел үсті ойыны «Лото» Мақсаты: Сөйлемді дұрыс құрай білуге үйрету. Шарты: Сынып оқушылары 8 оқушыдан 4 топқа бөлінеді. Әр топқа лото карточкалары таратылады.
Таңертеңгі гимнастика	№15-ші таңертеңгі жаттығу кешені				
Таңғы ас	Тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдануға үйрету. Тамақтан соң алғыс айту.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Қимылдық ойын: «Қаздар» Мақсаты: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Қанқыздар» Мақсаты:Өз бетінше сапқа тұру және тізені жоғары көтеріп жүру. Допты педагогтан 1-1,5 м арақашықтыққа лақтыру. 15-20 см биіктен секіру. 2. Орыс тілі Тақырыбы: «Насекомые» Мақсаты: Ввести новые слова в активный словарь детей:муха, комар, бабочка, паук, жук, муравей, стрекоза. Закрепление в активном словаре названий насекомых. Развивать умение правильно ставить ударение в словах. Воспитывать желание учить русский язык.	1. Жаратылыстану Тақырыбы: «Құмырсқаға көмектесеміз» Мақсаты: Жәндіктер(құмырсқа)туралы түсінік беру,ерекшелігін сипаттау(тіршілігі, немен көріктенуі, сырты түрі, қозғалысы, дыбысталуы, мекендейтін ортасы).Күн жылына бастағанда табиғатта өзрерістер болатыны туралы еске түсіру. 2. Сурет салу Тақырыбы: «Көбелекті әсемдейміз» (дақтар салу) Мақсаты: Балаларды дақ бейнеленген қағазды бүктеу арқылы және көбелектің жетпей тұрған бөлшектерін (бас, мұрт) суретін салып бітіруге үйрету.	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Қанқыздар» Мақсаты:Өз бетінше сапқа тұру және тізені жоғары көтеріп жүру. 15-20 см биіктен секіру. Үлкен допты екі қолмен арқаннан, тордан асыра лақтыру. 2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Еңбеккер жәндіктер» Мақсаты: Балаларға үстіне қою және жанына қою әдістерін пайдаланып, екі затты биіктігі бойынша салыстыру және жұмыс нәтижелерін жоғары-төмен, биіктіктері бірдей сөздерін қолданып белгілеуін үйретуді жалғастыру.	1. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Жәндіктер әлемі» Мақсаты: жәндіктер әлемімен таныстыру; ара, құмырсқаның өзіндік ерекшелігімен танысытыру; балдың денсаулыққа пайдасы туралы, құмырсқаның еңбекқорлық қасиетін түсіндіру; жәндіктерге деген қамқорлық сезімін тәрбиелеу; 2. Аппликация Тақырыбы: «Шөптегі жасыл күрт» Мақсаты: балалардың қол қимыл әрекетін жетілдіру, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету. есте сақтау қабілеттерін, тілін дамыту. жәндіктерге деген қамқорлық сезімдерін ояту, балаларды ұқыптылыққа, еңбекке тәрбиелеу.	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қанқыздар» Мақсаты:Өз бетінше сапқа тұру және тізені жоғары көтеріп жүру. Үлкен допты екі қолмен арқаннан, тордан асыра лақтыру. 2. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Не екенін тап» (көбелек, құмырсқа) Мақсаты: Балалардың жәндіктер туралы түсінігін анықтау және кеңейту. Ерекшеліктері мен ұқсастықтарын табуға, жалпы қасиеттері бойынша топтауға үйрету. Балалардың жәндіктерге қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу. 3. Музыка Тақырыбы: «Не қалай дыбыстайды?» Мақсаты:Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту, музыка сипатына сай қимылдау іскерліктерін дамыту, әуенді ойын әрекеттерін сахналауға, хормен ән айтуға дағдыландыру.

Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін, бәтеңкелердің бауын байлауын, салуын, киімдерінің түймесін салуын қадағалау, үйрету, мадақтау.				
Серуен	1.Бақылау.Көктем мезгіліндегі ұшып жүрген құстарды бақылау. Мақсаты: Балаларға құстардың қимылын жасатып, дауысын салдырту. 2.Еңбек. Балалармен ойын алаңындағы ұсақ тастарды жинау. Мақсаты: Балаларды еңбекке баулып отыру. 3.Қимылдық ойын: «Кім алысқа» Мақсаты: Бірінші қолынан бірі ұстап жүгіре алуға, тәрбиешінің белгісін тыңдай алуға үйрету. 4.Жеке жұмыс: Санжарға гүлдер туралы айту. 5.Еркін ойындар: Ойын барысында бірігіп ойнауларын қадағалау.				
Серуеннен оралу	Өз бетімен шешінуін, киімдерін рет-ретімен жинауын, киімдерінің түймесін ағытуын қадағалау, үйрету, мадақтау. Беті қолдарын сабындап жуу.				
Түскі ас	Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі отырып, тұру. Тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу. Майлықты қолдануға үйрету. Тамақтан соң алғыс айту.				
Ұйқы	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары,	Ұйқыдан ояту жаттығуы Керуеттегі жаттығулар Мақсаты: күндізгі ұйқыдан кейінгі баланың сергек оянуына ықпал ету.				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу. Тағамды толығымен шайнап жеуге үйрету.				
Ойындар, дербес әрекет.	Балаларға табиғатты аялауға үйрету. Мақсаты: Баланы мейірімділікке баулу. Жеке жұмыс: Рамазанға жәндіктер туралы түсіндіру. Мақсаты: Баланы білімге баулу.	Балаларға құмырсқаны түсіндіру. Мақсаты: Құмырсқа туралы білімдерін кеңейту. Жеке жұмыс: Индираға көбелектің суретін бояту. Мақсаты: Баланың бұлшық еттерін жаттықтыру.	Вариативтік компанент: «Ертегілер елінде» Тақырыбы: «Арыстан мен тышқан» жапсырма арқылы көрсету. Мақсаты: Балаларға ертегіні жапсырма түрінде көрсету, кейіпкерлер іс-әрекеттерін бағалау, сипаттама беруге үйрету. Жеке жұмыс: Жасминге көбелек туралы айту. Мақсаты: Балаға көбелек туралы түсіндіру.	Балаларға ең жақсы сөз туралы тақпақ жаттату. Мақсаты: Баланың тілін дамыту. Жеке жұмыс: Санжарға тақпақ жаттату. Мақсаты: Баланың тілін дамыту.	Балаларға гүлдерді суарту. Мақсаты: Балаларды табиғатты аялауға үйрету. Жеке жұмыс: Мединаға сабын туралы жаттау жаттату. Мақсаты: Баланың сөздік қорын байыту.
Серуенге дайындық	Өз бетімен шешінуін, киімдерін рет-ретімен жинауын, киімдерінің түймесін ағытуын, қадағалау, үйрету, мадақтау.				
Серуен	Қызығушылықтары бойынша ойындар ұйымдастыру, қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету, достыққа тәрбиелеу.				
Балалардың үйге қайтуы	Қол өнер «Менің қолымнан бәрі келеді» Ата-аналарға балалармен бірігіп қол өнер жасап келу.	Әңгіме «Телефон» Балаларына телефонды көп бермеулерін ескерту.	Өлең жолдары «Достар» Балаларға өлең жолдарын жаттатқызу.	Кеңес «Өрт тілсіз жау» Ата-аналарға өрттен сақтану жолдарын баланы жалғыз тастамау.	Ескерту «Бағдаршам әлемі» Ата-аналарға балалардың жолда сақ болуын ескерту.

Сәуір айының ІІІ апта 16.04 – 20.04 аралығындағы ІІ кіші №1 «Қошақан» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі ай тақырыбы: «Табиғатты қорғап үйренейік»

Тәрбиеші: Омарова А.

Апта тақырыбы:«Жайлауға қонаққа барамыз. Жануарларға қамқорлық»

Мақсаты: Жыл мезгілінің сипаттық белгілері туралы балалардың түсініктерін жүйелендіру, белгілерін еркін таба білуге үйрету, табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту дағдыларын жетілдіру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі: 16.04.2018ж	Сейсенбі: 17.04.2018ж	Сәрсенбі:18.04.2018ж	Бейсенбі:19.04.2018ж	Жұма: 20.04.2018ж
Балаларды қабылдау Ата- аналармен әңгімелеу Ойындар (үстел-үсті, саусақ, дидактикалық және т.б) Таңертеңгі гимнастика	Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ықпалын арттыру.				
	Саусақ ойындары: Бойды сергек тік ұста Емін еркін тыныста Оң қолыңды соз алға, Қол ұшына қарада, Үшбұрыш сыз ауада Сол қол босқа тұрмасын Шеңбер жасап тынбасын	Құрылыс ойындары «Менің үйім» Мақсаты: Кірпіштерден өз үйлерін құрастыру.	Дидактикалық ойындар: «Не артық» Мақсаты: Балаларға әр затты, өз орнына қоюды үйрету. Ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	Санамақтар айтқызу Бота, түйе, Құлын, бие Торай, шошқа Қозы, қошқар Қодық,құлан Көжек,қоян Бақа, шаян Торғай, шымшық Сен, қал! Сен, шық!	Үстел үсті ойыны «Кім жылдам?» Мақсаты: Балаларды ойлау қабілеттерін дамыту.
№16-шы таңертеңгі жаттығу кешені					
Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдануға үйрету. Тамақтан соң алғыс айту.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Сөздік ойын: «Қимылын көрсет» Мақсаты: балалардың аңдарды атап, олардың қимылдарын білуге үйрету.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Жайлауда» Мақсаты: Шеңбердегі өз орнын тауып сапқа қайта тұру және баяу қарқында (50-60 сек) жүгіру. Үлкен допты екі қолмен арқаннан, тордан асыра лақтыру. Арқан бойымен жүру кезінде тепетендікті сақтау. 2.Көркем әдебиет Тақырыбы: Н.Қазыбеков «Жайлау» оқу Мақсаты: Шығарма кейіпкерлерінің жүріс-тұрысына эмоциялық ықпалдастық танытуға талаптандыру. Ұқсас жағдайда кейіпкерлердің әрекеттерін және өзінің жүріс-тұрысын бағалауға үйрету. 3.Құрастыру Тақырыбы: «Бұзаулар мен боталарға арналған қоршаулар» Мақсаты: Құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыруға және оның көлеміне, пішініне, түсіне қарай қоршаулар жасай алуға дағдыландыру. Үй жануарлары	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ерке төлдер» Мақсаты: Педагогтің көмегімен үй жануарлары туралы қысқа әңгіме құрастыруды, жануарлардың төлдерінің аттарын жекеше, көпше түрде атауды үйрету (бота, ботақандар, құлыншақ, құлыншақтар).Жануарларға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.. 2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Үй жануарларына қамқорлық жасаймыз» Мақсаты: Үй жануарларымен таныстыру. Үй жануарларының адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру. Үй жануарларына деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу. 3. Музыка Тақырыбы: «Төлдер» Мақсаты: Музыкаға деген сезімдерін ояту, театр арқылы дыбыстарды таза айтқызу, тыңдау, жоғары және төмен дыбыстарын айыру, екі бөлімді әнді ажырата білуге үйрету.	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жайлауда» Мақсаты: Шеңбердегі өз орнын тауып сапқа қайта тұру және баяу қарқында (50-60 сек) жүгіру. Арқан бойымен жүру кезінде тепетендікті сақтау. Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және түсу. 2.Мүсіндеу Тақырыбы: «Қанқыз» Мақсаты: алақан арасына дөңгелектеу әдісімен жалпайту, ұсақ бөлшектермен толықтыру арқылы қанқызды мүсіндеуге үйрету, жәндіктерді қамқорлауға тәрбиелеу;	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Көктемгі жайлауда» Мақсаты: Әр түрлі заттар тобын көлеміне қарай бір-бірінің үстіне қою арқылы салыстыру тәсілдерін пайдалана отырып, әр топтағы заттардың санына(бір –көп), көлеміне (үлкен-кіші) ұзындығына(ұзын ,қысқа) биіктігіне(биік-аласа) қарай салыстыруды үйрету заттарды оң қолмен солдан оңға қарай оңға қарай орналастыруға жаттықтыру (қанша... болса сонша...) «теңдей», «көп-аз» терминдерін пайдалауға дағдыландыру	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жайлауда» Мақсаты: Шеңбердегі өз орнын тауып сапқа қайта тұру және баяу қарқында (50-60 сек) жүгіру. Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және түсу. 15-20 см биіктен секіру. Оң және сол қолмен тік нысанаға көздеп лақтыру. 2.Сурет салу Тақырыбы: «Жануарларға арналған шөп» Мақсаты: Балалардың шөп туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа түзу сызықтарды сызу арқылы шөптің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

	туралы қарапайым түсініктер беру және оларға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу	.			
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін, бәтенкелерінің бауын байлауын, салуын, киімдерінің түймесін салуын қадағалау, үйрету, мадақтау.				
Серуен	1.Бақылау. Суды бақылау. Мақсаты: Көктем мезгіліндегі су кереметін түсіндіру. Судың қолдану жолдарын, қасиеттерін анықтай білу, өсімдіктерді сумен өсіруді қолдана білуі. 2.Еңбек. Өсімдіктерге су құю. Мақсаты: Балаларға табиғатты, өсімдіктерді сүюге, аялауға тәрбиелеу. 3.Қимылдық ойын: «Жаңбыр жауды» Мақсаты: Балаларға табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын толықтыру. 4.Жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру. 5.Еркін ойындар: Балалардың қалаулары бойынша ойындар ұйымдастыру, ойын барысында бірігіп ойнауларын ескерту, ойынға басшылық жасау.				
Серуеннен оралу	Өз бетімен шешінуін, киімдерін рет-ретімен жинауын, киімдерінің түймесін ағытуын қадағалау, үйрету, мадақтау. Беті қолдарын сабындап жуу.				
Түскі ас	Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі отырып, тұру. Тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу. Майлықты қолдануға үйрету. Тамақтан соң алғыс айту.				
Ұйқы	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары,	Керуеттегі жаттығулар Мақсаты: күндізгі ұйықтаудан кейінгі оятуға ықпал ету.				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу. Тағамды толығымен шайнап жеуге үйрету.				
Ойындар, дербес әрекет.	Сюжетті-рөлдік ойын: «Аспазшы» Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін кеңейту.	Дидактикалық ойын: «Кімнің төлі» Мақсаты: Үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру.	Вариятивтік компонент: «Ертегілер елінде» Тақырыбы: «Арыстан мен тышқан» Мақсаты: Баланың қиялын есте сақтауын қығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру.	Бірлік күніне дайындық Балалардың өлеңдерін, тақпақтарын жаттатып, қайталату. Марғұланға «Санамақ» туралы тақпағын жаттатқызу.	Табиғат бұрышындағы гүлдерді суарып, шаңдарын сүрту. Мақсаты: Балаларды еңбекқорлыққа үйрету. Ерікке пішіндерді ажыратып айқызып үйрету.
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Рамазанға «Тізбекті жалғастыр» дидактикалық ойынын ойнату.	Айжұлдызға «Сыңарын тап» дидактикалық ойын ойнату.	Жеке жұмыс: Асетке «Орындығын тап» дидактикалық ойын ойнату.		
Серуенге дайындық	Асықпай ұқыпты киінуге үйрету. Киімнің оңы мен терісін ажыратып қою.				
Серуен	Қызығушылықтары бойынша ойындар ұйымдастыру, қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету, достыққа тәрбиел				
Балалардың үйге қайтуы	Отбасында мәдениетті сөйлеудің бастамасы. Ата-аналарға үйде мәдениетті сөйлеу керектігін ескерту.	Бірлік туралы ән Балаларға бірлік туралы ән жаттату.	«Ашық есік күні» Ата-аналарға балалардың сабағына қатысу керектігін ескерту.	Көктем туралы жаттату. Ата-аналарға, балаларына көктем туралы жатату.	«Қыс қызығы» Ата-анамен тәрбиеші арасында жобаға қатысу

Сәуір айының IV апта 23.04 – 28.04 аралығындағы II кіші №1 «Қошақан» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі ай тақырыбы: «Табиғатты қорғап үйренейік»

Тәрбиеші: Омарова Н.

Апта тақырыбы:«Табиғатты аялайық»

Мақсаты: Жыл мезгілінің сипаттық белгілері туралы балалардың түсініктерін жүйелендіру, белгілерін еркін таба білуге үйрету, табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту дағдыларын жетілдіру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі: 23.04.2018ж	Сейсенбі: 24.04.2018ж	Сәрсенбі:25.04.2018ж	Бейсенбі:26.04.2018ж	Жұма: 27.04.2018ж
Балаларды қабылдау Ата- аналармен әңгімелеу Ойындар (үстел-үсті, саусақ, дидактикалық және т.б)	Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ықпалын арттыру.				
Таңертеңгі гимнастика	Саусақ ойындары: Бала, бала, балақан, Қәне, қайсы алақан? Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат. Топ-топ басайық Жалаудан күн жасайық Жаса-жаса алтын күн! Жаса-жаса жарқын күн!	Құрылыс ойындары: «Кім жылдам құрастырады?» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын: «Сынған ойыншықтарды жина» Мақсаты: Балаларға ойыншықтарын сындырмай ойнауға үйрету. Ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	Санамақ айтқызу Бір дегенім-бүркіт, Қалады аңдар үркіп, Екі дегенім-ешкі, Қорамызды тесті, Үш дегенім-үйім, Үйде жақсы күйім. Төрт дегенім-түлік, Жүрші мұны біліп. Бес дегенім-бесік Шықтық одан өсіп.	Үстел үсті ойыны «Қоржынды кім тез шешеді?» ойыны Мақсаты: Үлкен бір модульді аяқтаған кезде нәтиже сабақта қолданылады. Шарты: Үш қатар болса(3 топ) үш қоржын дайындайды. Әр қоржында тұрақты тіркестердің мағынасын ашу, сөз тіркесін құру, буынға бөлу.
	№16-шы таңертеңгі жаттығу кешені				
Таңғы ас	Тамақ ішкенде қасықты қң қолға ұстау. Таусып ішу, ас қайырып, алғыс айту.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Қимылдық ойын: «Саңырауқұлақтар тереміз» Мақсаты: Күз мезгілінде жеміс-жидектердің пісетінін естерінде сақтау.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Хайуанттар бағына саяхат» Мақсаты: Өз бетінше сапқа тұру және тізені жоғары көтеріп жүру. Оң және сол қолмен тік нысанаға көздеп лақтыру. Үлкен допты екі қолмен арқаннан, тордан асыра лақтыру. 2. Орыс тілі Тақырыбы: «Берегите природу» Мақсаты: Объяснить детям,как важно людям беречь окружающую среду.Показать рисунки,слайды,где исчезают реки,моря,тают ледники,грязные города,улицы.Показать исчезнувших животных,птиц.	1. Музыка Тақырыбы: «Қайсы екен қолымыз» Мақсаты: Музыканы тыңдау,есте сақтау,әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату, әуенді есту, музыканы тыңдап, сезініп,шаттана білуге, қуана білуге баулу. Көркем- ойындық бейнелерге тән қимылды көрсете білуге, дене мүшелерін атап,көрсете алуға т. 2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Орманға саяхат» Мақсаты: балалрға үстіне қою және жанына қою әдістерін пайдаланып, екі затты биіктігі бойынша салыстыру және жұмыс нәтижелерін жоғары төмен, биіктіктері бірдей сөздерін қолданып белгілеуін үйретуді	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Хайуанттар бағына саяхат» Мақсаты: Өз бетінше сапқа тұру және тізені жоғары көтеріп жүру. Үлкен допты екі қолмен арқаннан, тордан асыра лақтыру. Қос аяқпен аяқтарды алшақ қойып секіру. 2. Сурет салу Тақырыбы: «Жасыл құрт» Мақсаты: баларды ирек сызық арқылы жөндіктің қимыл-қозғалысын қағаз бетіне толық орналастыра отырып, бейнелеуге үйрету; табиғатты аялауға тәрбиелеу;	1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ғажайып қапшық» дидактикалық ойын Мақсаты:киім тігетін матаның қасиеттері туралы білімдерін кеңейту(мата жұқа, қалын, ақ және түрлі-түсті болуы мүмкін).Киімнің бөлшектерін (жең, жаға, қалталар) ажырату, атау және киімдерді маусымдар бойынша ажырата білуін үйрету. Киім заттарына ұқыпты қарым-қатынас дағдыларын тәрбиелеу. 2. Музыка Тақырыбы: «Қайсы екен қолымыз» Мақсаты: Музыканы тыңдау,есте сақтау,әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату, әуенді есту, музыканы тыңдап, сезініп,шаттана білуге, қуана білуге баулу. Көркем-ойындық бейнелерге тән қимылды көрсете білуге, дене мүшелерін атап,көрсете алуға т. 3.Музыка Тақырыбы: «Қайсы екен қолымыз» Мақсаты: Музыканы тыңдау,есте сақтау,әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату, әуенді есту, музыканы тыңдап,	1. Дене шынықтыру Тақырыбы:« Хайуанттар бағына саяхат» Мақсаты: Өз бетінше сапқа тұру және тізені жоғары көтеріп жүру. Қос аяқпен аяқтарды алшақ қойып секіру. Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және түсу. 2. Жаратылыстану Тақырыбы: «Табиғатты аялайық!» Мақсаты: қоршаған орта, табиғат пен тіршілік арасындағы байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, дүниетанымын кеңейту; сүйіспеншілік, мейірімділік қасиеттерін дамыту;

		жалғастыру; . .		сезініп,шаттана білуге, қуана білуге баулу. Көркем-ойындық бейнелерге тән қимылды көрсете білуге, дене мүшелерін атап,көрсете алуға т.	
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін, бөтеңкелерінің бауын байлауын, салуын, киімдерінің түймесін салуын қадағалау, үйрету, мадақтау.				
Серуен	1.Бақылау. Желді бақылау. Мақсаты: Жел соғады, ағаштар тербеледі. Балаларға желдің бағытын байқату. 2.Еңбек: Қағаздан қаңғалақ жасау арқылы желдің бағытын бақылау. Мақсаты: Қағаздан жасау арқылы балалардың саусақ маторикасын дамыту. 3.Қимылдық ойын: «Өткеншек» Мақсаты: Өткеншек тебу арқылы желдің бағытын бақылау. 4. Жеке жұмыс: Жұмбақтар шешейік. Мақсаты: Балаларды тапқырлыққа баулу. 5.Еркін ойындар: Балалар өздерінің қалаған ойындарын қызығушылықпен ойнайды. Оларды қадағалау.				
Серуеннен оралу	Өз бетімен киімдерін шешу. Сөрелеріне жинап салу. Беті қолдарын жуу.				
Түскі ас	Балаларды түскі ас мәзірімен таныстыру. Ас қайырып, алғыс айту.				
Ұйқы	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары,	Керуеттегі жаттығулар Мақсаты: күндізгі ұйықтаудан кейінгі оятуға ықпал ету.				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу. Тағамды толығымен шайнап жеуге үйрету.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Дидактикалық ойын: «Сипаты бойынша тап» Құрылыс ойыншықтарымен ойнау. Мансурға «Бірлік» туралы тақпағын жаттатқызу.	Сюжетті-рөлдік ойын: «Шаштараз» Мақсаты: Ойын арқылы мамандыққа сүйіспеншілікке өсіру. Аянбекке «Күз» тақпағын жаттату.	Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде» Тақырыбы: «Арыстан мен тышқан» ертегісін сахналау. Мақсаты: Ертегінің мазмұнын айту. Баланың қиялын есте сақтауын, шығармашылық қабілетін дамыту, театрлық іс-әрекетті пайдалана отырып ойын дамыту.	«Күз» туралы тақпақтар жаттату. Нұрхатқа «Достық» өлеңін жаттату.	Табиғат бұрышындағы гүлдерді суару, қопсытып, шаңын сүрту. Алдиярға логикалық ауызша жұмбақтар шешу.
Серуенге дайындық	Киіну, серуенге шығу. Серуенге қызығушылықтарын туғызу. Балалармен «Балабақша» тақырыбында жеке әңгімелесу:				
Серуен	Қызығушылықтары бойынша ойындар ұйымдастыру, қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету, достыққа тәрбиелеу.				
Балалардың үйге қайтуы	«Өлеңдер» Бірлік күніне арнап өлең жаттау.	«Тұмау» Бүлдіршін жастағы балалар арасындағы тұмау және ЖРВИ алдын алу.	«Отбасы және бала» Ата-аналарға балаларының көзінше жаман сөздерді айтпауға , үйдегі жағдайларын әңгімелемеу.	«Ана» туралы жаттау. Балаларына ана туралы жаттау жаттату.	«Ертегі айту» Ата-аналарға үйден балаларға ертегі айтқызып үйрету.

Мамыр айының Іапта 02.05– 05.05 аралығындағы ІІ кіші №1 «Қошақан» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы. Өтпелі ай тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін» Апта тақырыбы: «Достық біздің тірегіміз» Мақсаты: Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін анықтау, оларды достық сезімге, мейрімділікке тәрбиелеу. Тәрбиеші: Жанасова А.					
Күн тәртібі	Дүйсенбі: 30.04.2018ж	Сейсенбі: 01.05.2018ж	Сәрсенбі:02.05.2018ж	Бейсенбі:03.05.2018ж	Жұма: 04.05.2018ж
Балаларды қабылдау Ата- аналармен әңгімелеу Ойындар (үстел-үсті, саусақ, дидактикалық және т.б) Таңертеңгі гимнастика	Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ықпалын арттыру.				
	Саусақ ойындары: Бойды сергек тік ұста Емін еркін тыныста Оң қолыңды соз алға, Қол ұшына қарада, Үшбұрыш сыз ауада Сол қол босқа тұрмасын Шеңбер жасап тынбасын		Дидактикалық ойындар: «Не қайда тұрады?» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлау бойынша ойындар.	Санамактар айтқызу Бір дегенім-бөрік, Кисең бойға көрік. Екі дегенім-етік, киер сәнді етіп Үш дегенім-ішік, теріден тігер пішіп Төрт дегенім-тымақ, Қыста кисең жылы-ақ Бес дегнім –байпақ, іші жылы жайпақ	Үстел үсті ойыны: Мозайкалармен ойындар. Балалардың саусақ маторикасын жеткізуге арналған.
№17-ші таңертеңгі жаттығу кешені					
Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдануға үйрету. Тамақтан соң ас қайырып, алғыс айту.				
